

Қазақстан Республикасы Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорының құжаттарын қалыптастыру, жинау, сақтау және пайдалану ережесін, Геодезиялық пункттерді қорғау туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 маусымдағы N 593 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 16 шілдедегі № 542 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 542 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.28 № 1730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Геодезия және картография туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.12.28 № 1730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорының құжаттарын қалыптастыру, жинау, сақтау және пайдалану ережесі ;

3) Геодезиялық пункттерді қорғау туралы ереже бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.12.28 № 1730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2003 жылғы 23 маусымдағы

N 593 қаулысымен

бекітілген

Геодезиялық және картографиялық қызмет саласындағы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру ережесі

Ескерту. Ереже алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.12.28 № 1730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 23 маусымдағы
N 593 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорының құжаттарын қалыптастыру, жинау, сақтау және пайдалану ережесі

Осы Ереже Қазақстан Республикасының "Геодезия және картография туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі және "Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Заңдарына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорының (бұдан әрі - Қор) құжаттарын қалыптастыру, жинау, сақтау және пайдалану тәртібін анықтайды.

1. Жалпы ережелер

1. Қор геодезиялық және картографиялық қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған және жалпымемлекеттік, салааралық арнаулы және (немесе) салалық маңызы бар геодезиялық, картографиялық, топографиялық, гидрографиялық, аэроғарыштық түсірілім, гравиметриялық материалдар мен деректердің (бұдан әрі - материалдар мен деректер) жиынтығын білдіреді.

2. Қордың графикалық, сандық, электрондық, фотосуреттік, қағаз және өзге де нысандар мен түрлердегі материалдары мен деректері орталықтандырылған мемлекеттік есепке алуға, сақтауға және пайдалануға жатады.

Қорға осы Ережеге қосымшаға сәйкес Тізбе бойынша материалдар мен деректер енгізіледі.

3. Қордың құжаттары мемлекеттік меншікте болады және оларды мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру, сатып алу-сату, айырбастау немесе сыйға тарту объектісі етуге, сондай-ақ басқа мемлекетке тұрақты сақтауға әкетуге болмайды.

2. Қор құжаттарын қалыптастыру және жинау

4. Қорды қалыптастырудың негізі геодезиялық және картографиялық қызметті жүзеге асыру нәтижесінде құрылған материалдар мен деректер болып табылады.

5. Қордың құжаттары ауқымы мен оларды сақтау мерзімдерін ескере отырып, геодезиялық және картографиялық қызметтің бағыттары бойынша қалыптасады.

Қордың құжаттарын пайдалану қолайлы болу үшін материалдарды орналастыру сызбасы берілетін көрсеткіштер жасалған.

6. Геодезиялық және картографиялық қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар өздері жасаған Қорға енгізілуге жататын геодезиялық және картографиялық материалдар мен деректер көшірмелерінің бір данасын авторлық құқықтарын сақтай отырып тегін береді.

Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтері бар материалдар мен деректер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қорға беріледі.

7. Материалдар мен деректерді Қордың құрамына жатқызу, материалдар мен деректерді сақтауға іріктеу, сондай-ақ сақтау мерзімдері өткендерін жою құжаттардың құндылығын мемлекеттік сараптау негізінде жүргізіледі.

8. Уәкілетті орган мемлекеттік сараптама-тексеру комиссиясын құрайды және ол туралы ережені бекітеді.

9. Сараптама-тексеру комиссиясының қорытындысы негізінде уәкілетті орган материалдар мен деректерді қалыптастыру және толықтыру көздерінің тізімдерін бекітеді, оларды Қордың құрамына жатқызу туралы, сондай-ақ оның құрамынан шығару туралы шешімдер қабылдайды.

3. Қордың құжаттарын сақтау

10. Қордың материалдары мен деректері осы мақсатқа арнайы арналған үй-жайларда (қоймаларда) сақталады.

11. Қордың материалдары мен деректері жұмыс түрлері бойынша топтастырылады, жүйелендіріледі, есепке алынады, орналастырылады және сақталады.

4. Қордың құжаттарын пайдалану

12. Қордың материалдары мен деректері мемлекеттік органдарды, жеке және заңды тұлғаларды геодезиялық және картографиялық өніммен және ақпаратпен қамтамасыз ету үшін пайдаланылады.

13. Геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілерінің өтінімдері бойынша материалдар мен геодезиялық деректерін, оның ішінде «қызмет бабында пайдалану үшін» белгісі бар немесе олардың көшірмелерін Қазақстан Республикасының Ұлттық картографиялық-геодезиялық қоры береді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.28 № 1730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

14. Қордың материалдары мен деректерін пайдаланып болғаннан кейін олар бір ай ішінде қайтарылуға тиіс.

Қазақстан Республикасы Ұлттық
картографиялық-геодезиялық
қорының құжаттарын қалыптастыру,
жинау, сақтау және пайдалану
ережесіне қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорының құрамына енгізілетін материалдар мен деректердің Тізбесі

1. Топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстарды орындауға арналған техникалық жобалар.

2. Мемлекеттік нивелирлік желілерді, барлық сыныптар мен разрядтардағы геодезиялық желілерді, гравиметриялық іргелі және бірінші сыныпты желілерді жасау, дамыту және жұмыс істеу жағдайында ұстап тұру жөніндегі техникалық есептер, координаттар мен биіктіктердің каталогтары және басқа да материалдар мен деректер.

3. Геодезиялық және картографиялық қызметті қамтамасыз ету мақсатында Жерді қашықтықтан зондылаудың бастапқы және туынды материалдары мен деректері (аэрофототүсірілімдер мен ғарыштық түсірілімдер), аэрофототүсірілімдердің паспорттары, арнайы аспаптардың деректері, түсірілімдерді картографиялық байланыстырудың сызбалары.

4. Геодезиялық, гравиметриялық, ғарыштық өлшемдер базасында геодинамикалық зерттеулердің материалдары мен деректері.

5. Жергілікті жердің, оның ішінде теңіздер, көлдер, өзендер мен су қоймалары қайраңдарының топографиялық түсірілімдер бойынша техникалық есептері (ауқымы 1: 2 000 және кіші).

6. Мемлекеттік топографиялық карталардың, оның ішінде теңіздер, көлдер, өзендер, су қоймалары қайраңдарының карталарының, қалалар мен елді мекендердің жоспарларының (ауқымы 1: 2 000 және кіші) графикалық, сандық, фотосуреттік, электрондық нысандардағы түпнұсқалары мен көшірмелері,

сондай-ақ көрсетілген карталар мен жоспарлардың таралымдық бедерлемелері.

7. Жалпымемлекеттік және салааралық мақсаттағы жалпыгеографиялық, саяси-әкімшілік, ғылыми-әкімшілік, ғылыми-анықтама және басқа да тақырыптық карталар мен атластардың, оқу картографиялық құралдардың түпнұсқалары, туынды өнім жасау үшін негіз болып табылатын картографиялық материалдардың таралымдық бедерлемелері.

8. Құжаттамасы бар кезекші (анықтама) топографиялық карталар, оның ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы мен әкімшілік-аумақтық бірліктердің шекараларын және шетел мемлекеттерінің шекараларын белгілеу жөніндегі материалдар.

9. Географиялық атаулардың мемлекеттік каталогы және олардың негізгі материалдары, Қазақстан Республикасының, шетел мемлекеттерінің аумақтарындағы, материктер мен мұхиттардағы географиялық объектілер атауларының сөздіктері мен анықтамалары.

10. Геодезиялық және картографиялық қызмет, мұрағат ісі, құпиялылық режимі саласындағы нормативтік-техникалық құжаттар.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2003 жылғы 23 маусымдағы

№ 593 қаулысымен

бекітілген

Геодезиялық пункттерді қорғау туралы ереже

1. Осы Ереже "Геодезия және картография туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді және геодезиялық пункттерді қорғауды қамтамасыз ету тәртібін анықтайды.

2. Мемлекеттік геодезиялық желінің геодезиялық пункттері (астрономиялық-геодезиялық, геодезиялық, нивелирлік және гравиметриялық пункттер, жер бетіндегі белгілер мен осы пункттердің орталығы), сондай-ақ арнайы геодезиялық желілер пункттері (орталықтар, бақылау таңбалары, сыртқы белгілер, бағдарлық пункттер) мемлекеттік меншік болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады.

3. Геодезиялық пункттерді есепке алу мен олардың сақталуының қамтамасыз етілуін бақылауды геодезия және картография саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) жүзеге асырады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.28 № 1730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

4. Геодезиялық пункт орталықтан, сыртқы белгіден және геодезиялық белгінің шекарасы болып табылатын жыра немесе бел түріндегі сыртқы безендіруден тұрады.

Геодезиялық пункттің сыртқы безендіруі болмаған жағдайда сыртқы белгінің негізі оның шекарасы болып табылады.

Арнайы орталықтары ғимараттар мен басқа да құрылыстардың қабырғаларына салынған геодезиялық пункттер үшін пункттердің шекаралары мен қорғау аймақтары белгіленбейді.

Бұл жағдайда қабырғалық марка немесе қабырғалық репер қорғалуға тиіс.

5. Геодезиялық пункт орналасқан жер учаскесі, геодезиялық белгінің шекарасы және оларды бойлай жағаланған ені 1 метр жер жолағы геодезиялық пунктті қорғау аймағы болып табылады.

6. Геодезиялық-пункттердің сақталуын қадағалауды уәкілетті орган және оның аумақтық органдары жүзеге асырады.

7. Уәкілетті органның рұқсатынсыз геодезиялық пункттерді қорғау аймағының шегінде геодезиялық пункттерді бүлдіруге немесе жоюға әкеп соғатын немесе геодезиялық өлшемдер жүргізу кезінде қиындықтар туғызатын жұмыстарды орындауға тыйым салынады.

8. Аумағында геодезиялық пункттер орналасқан жер учаскелерінің меншік иелері мен жерді пайдаланушылар геодезиялық пункттердің бүлінуінің немесе жойылуының барлық жағдайлары туралы уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

9. Геодезиялық пункттердің бүлінгендігі немесе жойылғандығы туралы ақпарат келіп түскен жағдайда уәкілетті орган осы Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша бүлінген немесе жойылған геодезиялық пункттерге акт жасайды.

10. Геодезиялық пункттерді бұзу немесе қайта салу (көшіру) уәкілетті органның рұқсатымен жүргізіледі.

11. Геодезиялық пункттердің бүлінуіне немесе жойылуына (бұзу) әкеп соғуы мүмкін құрылыс жұмыстарын жүргізген, карьерлерді өндірген, құрылыстарды салған немесе бұзған және басқа да жұмыстарды жүргізген жағдайда, осындай жұмыстарды жүргізетін адамдар геодезиялық пункттерді көшіру немесе бұзу мүмкіндігі туралы уәкілетті органға алдын ала сұрау салады.

12. Уәкілетті орган әрбір нақты жағдайда геодезиялық пункттердің тығыздығын, қолда бар геодезиялық желілерді дамыту және жаңарту перспективаларын ескере отырып, геодезиялық пункттерді көшірудің қажеттігі немесе бұзудың мүмкіндігі туралы мәселені шешеді және телімінде көшірілетін немесе бұзылатын геодезиялық пункттер орналасқан мүдделі ұйымдарды, жерді пайдаланушыларды және жер телімдерінің меншік иелерін қабылданған шешім туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

13. Геодезиялық пункттерді жүйелі түрде зерттеуді және қалпына келтіруді, ал қажет болған кезде толық қалпына келтіруді: қалалық аумақтарда - уәкілетті орган; қалған жерлерде - келісілген жоспарлар бойынша уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі жүзеге асырады.

14. Геодезиялық пункттерді жою немесе бүлдіру және олар дайындаған материалдарды тонау Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес жауапкершілік жүктейді.

Геодезиялық пункттерді қорғау туралы ережесіне қосымша

Геодезиялық пункттің бүлінуі (жойылуы) туралы

Акт

20__ ж. " __ " _____

_____ (елді мекен пунктiнiң атауы, почталық мекен-жайы)

Бiз төмендегi қол қоюшылар _____

_____ (актiнi жасаушының тегi, және

_____ әкесiнiң аты, лауазымы, мекеменiң атауы)

геодезиялық пункттiң бүлiнуi (жойылу) туралы осы актiнi жасадық

_____ (пункттiң атауы немесе нөмiрi)

_____ орналасқан

_____ (сақталуын қадағалау үшiн пункттi беру актiсiне сәйкес)

20__ ж. " __ " _____ акт бойынша сақталуын бақылау үшiн қабылданған

Қараған кезде анықталады _____

(орталықтық жай-күйiн, сыртқы белгiсi, _____)

_____ бағдарлы пункттер және сыртқы ресiмделуi, пункттiң бұзылуына

_____ немесе жойылуына әкеп соқтырған себептер, сондай-ақ кiнәлi адамдар көрсетiледi;

Қолдары _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК